«ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАЛЫҚ
ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ЖАНАОЗЕНСКИЙ ГОРОДСКОЙ
ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ
ПОЛИТИКИ»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,130200,
Жаңаөзен қаласы, Сатпаев көшесі, қалалық әкімшілік
телефон: 8/72934/ 77-004

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130200,
город Жанаозен, улица , здание аппарата акима
телефон: 8/72934/ 77-004

15.07.2025 жс. №05-09-85

«SAPSAN» стратегиялық орталығы» ЖММ
директоры Ж.Сулейменовке
Астана қаласы, Сығанақ көшесі 47,
«ЕвроЦентр» бизнес орталығы, 17 қабат,
1711 офис

Сіздің 2025 жылғы 11 шілдедегі №79163335-ГС32 лот бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы конкурс нәтижесіне қатысты №263359 санды шағымыңыз Жаңаөзен қалалық ішкі саясат бөлімінде қаралды.

Шағымда көрсетілген уәждерге сәйкес конкурсқа ұсынылған құжаттар мен қосымшалар қайта зерделенді. Нәтижесінде, «SAPSAN» стратегиялық орталығы» және «ALDASPAN» орталығы ұсынған құжаттардың негізінен конкурс талаптарына сай келетіні анықталды.

Атап айтқанда, конкурсқа ұсынылған 12-қосымшада РАТТ мүшесі ретінде көрсетілген Ж. Сүлейменовке қатысты құжаттар (жеке куәлік, диплом, еңбек өтілін растайтын құжаттар) толық қамтылғанымен, бастапқыда конкурстық комиссия тарапынан техникалық себептерге байланысты құжаттардың толық нұсқасы назардан тыс қалған. Бұл жағдай өтінімнің құрылымдық ерекшеліктеріне және құжаттардың ұсынылу форматына байланысты орын алғанын мәлімдейміз.

Осыған байланысты, Сіздің шағымыңыз ішінара негізді деп танылып, конкурс материалдарын қайта қарау туралы ұсыныс енгізіледі. Бұл шешім Қазақстан Республикасының “Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы” Заңының 2022 жылғы 4 шілдедегі №134-VII және 2025 жылғы 10 қаңтардағы №153-VIII өзгерістерімен енгізілген редакциясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №407 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес қабылданды.

000235

Құжаттарды қайта қарау конкурстық комиссияның ішкі тәртібімен және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, қалған екі қатысушының (соның ішінде «Боевое братство» ұйымы, «ALDASPAN» орталығының да) өтінімдері де осы негізде қайта қаралатын болады.

Бөлім тарапынан бұл мәселе бойынша әділдік қағидасын ұстана отырып, барлық қатысушылардың құжаттары заң аясында қайта зерделенеді және қажетті шаралар қабылданатын болады.

Құрметпен,

Жаңаөзен қалалық
ішкі саясат бөлімінің басшысы **Д. Есенова**

Эл. пошта: ovp-uzen@mail.ru
Тел.: +7 (72934) 77-004